

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Амерханова Индира Кулатаевна
ұсынған «Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық
реттеу» диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Индира Кулатаевна Амерханованың «Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациясы халықтың көші-қон үдерістері және Солтүстік Қазақстан облысының мысалында Қазақстанның еңбек күші мол оңтүстік өңірлерінен еңбек тапшылығы жоғары солтүстік өңірлеріне қоныс аударуды заңды түрде реттеу жөніндегі мәселелері болып табылады.

Көші-қон адам жетістіктерінің және адам ресурстарын дамытудың маңызды қозғаушы күштерінің бірі. Халықтың бір жерден екінші жерге қоныстануы адамзаттың ортақ тарихында орын алған көптеген оқиғаларға жол ашты. Бүкіл әлем бойынша көшу мәселесі экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту, балаларды тәрбиелеу, отбасын табу, бизнес бастау мақсатында жүзеге асырылуда. Көші қон мәселесі халықтың динамикасына әсер тетеді, демографиялық сипаттамаларын, ұлттық құрамын өзгертеді. Осыған байланысты "Халықтың көші-қоны туралы" ҚР Заңына өзгерістер қабылданды. Үкімет ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аударуына квота белгілеуді және ішкі көшіп-қонушыларды ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлары бар және даму әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық перспективалы өңірлерге қоныс аударуды жоспарлаған болатын. Заңның 52-бабына сәйкес, ішкі көшіп-қонушыларды қоныс аударуға арналған квоталар және қоныс аударушы мәртебесін алу рәсімі 13 мамыр 2020 жылдан бастап қолданысқа ие болды.

Диссертация тақырыбының өзектілігі 2013 жылдан бастап Қазақстанда халық тығыз қоныстанған оңтүстік аймақтардан жұмыс күші жетіспейтін солтүстік аймақтарға қоныс аударудың ерікті бағдарламасы жүзеге асырылуда. Алғашында бұл бағдарламаның негізгі мақсаты жергілікті аймақтардағы халықты жұмыспен қамту болатын. Ал көшіріп әкелу – бұл жеке әрі ауқымды проблема, яғни бұл көшіру бағдарламысын еңбекпен қамту бағдарламасының ішіне кіргізіп жібергендіктен, ол жеке бағдарлама ретінде іске аспай жатыр. Оңтүстіктен солтүстікке көшіру үрдісі бір науқаншылықпен жүргізіліп кетті.

Бүгінгі күні іске асырылып жатқан бағдарламалардың тиімділігіне талдау жасау, ішкі көші-қон мәселесіне байланысты нақты бір құқықтық базаның болмауы, зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді.

Бүкіл әлем бойынша көшу мәселесі экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту, балаларды тәрбиелеу, отбасын табу, бизнес бастау мақсатында жүзеге асырылуда. Көші-қон мәселесі халықтың динамикасына әсер етеді, демографиялық сипаттамаларын, ұлттық құрамын өзгертеді. Көші-қонның салдары қауіпсіздік, саяси, әлеуметтік немесе экономикалық тұрғыда қаралады. Аталмыш салдарды бақылап, реттеп отыру үшін қабылданып

жатқан заңдардың дұрыс қолданысқа ие болып талданылуы талқылауды қажет етеді.

Үкімет қоныстандырудың нақты өңірлерін – Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұрақты тұру үшін қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын айқындады. Оларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына сәйкес көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етті.

Осы мәселені зерттеу кезінде пайдаланылған негізгі теориялық және әдіснамалық зерттеулер ауқымды кезеңді қамтиды, әрі еліміздегі көші-қонға қатысты пікірлердің барлығы талқыланып, ғылыми тұжырымдамалар жасалынған.

Диссертациялық жұмысына мазмұндалуы жағынан жүйелі және негізді, талданатын мәселелері терең түсінумен ерекшеленетін дербес зерттеу ретінде баға беруге болады. Диссертациялық зерттеудің мазмұны зерттеліп отырған мәселені толық әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Автормен жасалған қорытындылар мен ұсыныстар негізді және ішкі біртұтастығымен, аяқталғандығымен және ғылыми-тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы күмән туғызбайды, себебі, құқықтық қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеулер әлі де болса, жоқтың қасы болып отыр.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұндық тұтастығы.

Диссертацияда көші-қон үдерісін реттеудің теориялық-әдістемелік негіздерін зерттей келе бірнеше ғылыми тұжырымдаманы қамтитыны көрсетілген. Әлемнің дамыған постиндустриалды елдері де халықты өңірлер арасында қайта бөлуге бағытталған саясат жүргізуде, бұл бірінші кезекте еңбек ресурстарына қатысты. Алайда, ішкі көші-қонды жанама реттеу әдістерінің көмегімен қажетті нәтижеге қол жеткізіледі. АҚШ, Австралия, ЕО елдерінде түрлі бағдарламалар шеңберінде басқа өңірге жұмысқа орналасуына байланысты тұрғылықты жерін ауыстыруға шешім қабылдаған адамдарға қолдау көрсетіледі, сондай-ақ елдің басқа өңірлерінен қызметкерлерді жұмысқа қабылдайтын және бейімдейтін кәсіпорындарға дотациялар бөлінеді.

Ішкі саясат саласындағы мемлекеттік саясаттың заңмен декларацияланатын міндеттеріне "көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау" және "мемлекеттің территориялық аумағы бойынша көшіп-қонушылардың ішкі көші-қон ағындарын оңтайландыру, ұтымды орналастыруды қамтамасыз ету" кіреді.

Автордың еліміздің оңтүстік өңірлерінен солтүстік өңірлеріне қоныс аудару үдерістерін, сондай ақ қоныс аудару бағдарламасын іске асырудағы жекелеген тетіктерді жетілдіруге бағытталған тұжырымдарды ұсынған.

Докторанттың жеке үлесі Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарынан тақырыпқа қатысты алынған әлеуметтік сауалнаманың мәліметтері қолданылды.

Жұмыс жоспары логикалық және құрылымдық жағынан дұрыс құрастырылған.

Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін реттеудің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық аспектілеріне статистикалық деректерді қолдана отырып кездесетін мәселелерін анықтай білген.

-Ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу (Солтүстік Қазақстан облысы мысалында) мәселерін қарастырған;

Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдарын көрсетуі;

ҚР Көші-қон үдерісін реттейтін заңнамаларына ұсыныстар мен толықтырулар беруі.

Докторант өзінің ғылыми көзқарастарын статистикалық, сауалнамалық, бағдарламалық дәлелдер арқылы негіздейді.

Сонымен, диссертант ұсынған осы көші-қон мәселесіне, саяси жағдайда территориялық бір тұтастығымызды сақтау үшін, жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге тұрғындарды көшіру мәселесіне жеке арнайы мемлекеттік бағдарлама қажет. Бағдарлама орталық мемлекеттік орган еңбек министрлігі тарапынан жасалса, ал бағдарламаны жүзеге асырушы жергілікті атқарушы органдар. Ал көші-қон комитетінің өзіндік бір жергілікті атқарушы органдары жоқ.

Бұл ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін реттеудің құқықтық аспектілерін кешенді зерттеу нәтижесі болып табылады және осындай зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, мұның өзі Индира Кулатайқызы Амерханованы PhD докторы дәрежесіне лайықты ізденуші деп тануға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші:

Қазақ инновациялық

гуманитарлық-заң университеті

заң факультеті, мемлекеттік-құқықтық

пәндер кафедрасы, PhD доктор

Майшекина Э.С

